

# Экономика кафедрасы



Сабенова Балтайм Намазбайқызы  
экономика ғылымдарының кандидаты  
«Экономика» кафедрасының меңгерушісі  
Байтұрсынов көшесі – 80 бас ғимарат  
ХГТУ, 2этаж,213 г. Кабинет

## **5B050600 – Экономика мамандығы бойынша бакалаврдың негізгі қызметіне қойылатын талаптар:**

**жетік білуі керек:** мемлекеттік тілді сауатты және жетік білуі, орыс және шетел тілінде сөйлеуді, экономиканың дамуы жөнінде білімінің жоғарғы жалпы деңгейін игеру, басқарудың коммерциялық, қаржылық, әкімшілік функцияларын, ситуациялық талдауды және ситуациялық басқаруды өткізу нарығын талдауды, басқарудың экономикалық әдістерін (соның ішінде коммерциялық есеп айырысу, қаржылық саясаттың қалыптасуы, ұйымды басқарудың бағдарламалық-мақсатты әдістерін) математикалық талдаудың әдістерін, экономикалық үрдістердің формализациясы мен модельдеуді, экономикалық жобаларды бағалауды, экономикалық проблемаларды зерттеуге деген шығармашылық бағытты, өзіндік оқыту қабілеттерін және зерттеудің қазіргі әдістерін, бітірушіге тұрақты түрде өзінің ғылыми және кәсіптік деңгейін арттыруға мүмкіндік беретін ақпаратты сақтау, жинақтау, өңдеу және талдаудың қазіргі компьютерлік технологиясын игеру.

Экономика магистратура-6M050600

### **1. Мамандықтың жалпы сипаттамасы**

Халықаралық гуманитарлық техникалық университетінің «Экономика» кафедрасы алдағы уақытта магистранттарды экономика мамандығы бойынша даярлауды жүзеге асырады, яғни 6M050600 – «Экономика» мамандығына сәйкес 03.02.2010 жылы бекітілген лицензия нөмірі АБ №0137473.

Бұл мамандықты ашуды қажет деп шешкен себебі, ЖОО –да екі деңгейлі жүйемен оқыту және арнайы мамандарды даярлауға жағдай жасау болып табылған, сол сияқты нарықтық экономика аясында аудандарға сапалы мамандар қажет болған және Қазақстандағы бәсекелестік арта түскен.

Оқу іс-әрекетін ұйымдастыру кредиттік технологияға сәйкес іске асырылады, яғни Мемлекеттік Стандарт талаптарына сәйкес ҚР 2008 жылы бекіткен 7.09.020 – бойынша «Магистратура» мамандығы, 6M050600 -«Экономика» мамандығы бекітіліп, білім Министрлігі бұйрығымен және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің 2008 жылы 31 желтоқсанда №677 бұйрығы бойынша енгізілген.

Магистратура бөлімінде 2015-2016 оқу жылдарына арналған 1-ші курстарда -10, 2-ші курстарда -4 магистранттар сапалы білім алуда.

Жалпы саны -14 адам.

Кадрларды даярлау мақсатында магистранттарды ғылыми және педагогикалық бағытта оқыту, машықтандыру және жоғары білімді игерту, демек жоғары оқудан кейінгі білім мен ғылыми-зерттеу секторы болып табылады.

Осы мамандыққа берілген барлық дәріс түрлері тек мемлекеттік тілде ғана жүргізіледі.